Докторант Ақынбекова Алтынның «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» атты «6D050400- Журналистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған ғылыми диссертациясына рецензент

ПІКІРІ

1. **Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

Алтын Ақынбекованың диссертациясымен толық танысып шықтым. Ғылыми зерттеу өзекті тақырыпқа арналған. Бүгінде Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына негізделген ұлттың өткен жолын ғылыми негізде қорытудың жаңа мүмкіндігі тарихи тұрғыда ашылып отыр. «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында да тарихи сананы жаңғырту мәселесіне ерекше мән берілген. «Архив 2025» бағдарламасында «Бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ»,- деп ізденуші-ғалымдарға архив қойнауларында жатқан тарихымызды жинап, ғылыми айналымға енгізу қажеттігін атап өтті. Диссертацияның мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие болып жатқан жұмыс деп есептеймін әрі жоғары бағалаймын. Өйткені ізденуші А. Ақынбекова өткен ғасыр басындағы қазақ журналдарының осы уақытқа дейін толық зерттелмеген, араб қарпінен бүгінгі ұрпақ оқи алатын кирилл қарпіне түспеген, тіпті ғалымдар назарына ілікпеген нұсқаларын тауып, түпнұсқаның негізінде зерттеу жүргізген.

Кеңес дәуірінде Алаш қайраткерлері шығарған басылымдар туралы айтуға да болмайтын. Еліміз тәуелсіздігін алған кездерден бастап алаш ардақтылары ақталғанымен халық олардың баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларымен, көсемсөздерімен толық таныса, біле алмады. Айта кетелік, 1935 жылдары жалпы халыққа таныстыруға болмайтын жасырын бұйрықтар шығарылған. Сол бұйрықтардың тізімінде диссертанттың зерттеу нысанына айналған журналдар да бар. Олардың біразы осы нұсқауға сәйкес зерттелмей ғылыми айналымға қосылмай архив сөрелерінде жатты. А.Ақынбекова осындай басылымдарды архивтен, кітапханалардың «Сирек қолжазбалар» қорынан алып, түпнұсқа негізінде зерттейді. Мұны Қазақ баспасөзінің тарихына, ғылымына қосқан жаңа көзқараспен жазылған құнды жұмыс деп бағалаймын.

Тақырыптың тағы бір өзекті тұсы XX ғасыр басындағы газет-журналдардың барлығы араб қарпімен төте жазуда басылды. Өздеріңізге белгілі, X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. Бүгінде тоте жазуды арнайы тіл мамандары болмаса кез-келген адам оқи алмайды. Осы тұрғысынан диссертант өзі зерттен отырған журналдарын өзі оқып, араб қаріптерін танып, түпнұсқа тұрғысынан зерттеуі, журналарды кириллицаға түсіріп, университет ұжымының қолдауымен қосымша оқу құралы ретінде «Қазақ университеті»

баспа үйінен басып шығаруы қазақ баспасөзінің тарихын оқып, білгісі келетін ізденушілер мен студенттер үшін жасалған игі іс деп есептеймін. Фактілер мен деректерді тұжырымдап, баға беріп, тарихи тұрғыдан талдап, жүйелеп, салыстырмалы түрде қарастыруы диссертациялық жұмыстың өзектіліғін, ғылыми қажеттілігін көрсетеді.

2. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі

Ізденуші ғылыми зерттеу жұмысын өзі жазған. Журналистік тәжірибесі бар. Ой-пікірлері, тұжырымдары жүйелі әрі анық. Тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандық тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада дәріс оқуы - зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын нақты тұжырымдауға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысында XX ғасыр басындағы қазақ журналдарының тарихы, атқарған қызметі мен типологиясы ғылыми аспектіде зерделеніп, практикалық және теориялық тұрғыдан құнды пікірлер жасалынған. Ұсынылған тұжырымдар бір-бірімен байланыста қарастырылған. Атап айтқанда, А. Акынбекованың диссертациялық зерттеуі кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың «Алаш ұранды басылымдардың идеялық-мазмұндық тренді» атты бірінші тарауында алаш идеясын көтерген басылымдардың тарихы, атқарған қызметі мен бағыт бағдары қарастырылған. «Қазақ журналдары: қоғамдық сана модернизациясы (1921-1925)» атты екінші тарауда кеңес дәуірінде басылып шыққан журналдардың тарихы, идеясы мен мазмұндық ерекшеліктері сараланып, ғылыми тұжырымдар келтірілген. «Алғашқы салалық журналдардың әлеуметтік, ағартушылық қызметі» атты үшінші тарауда қазақ журналдарының шығу тарихына байланысты салалық басылымдарға ғылыми тұрғыдан сараптама жасалады.Автордың өзі жазу принципі - оның зерттеу нысанына айналған қазақ журналдарының тарихы мен атқарған қызметі, салалық журналдарға бөліну процестері тәуелсіздік дәуір тұрғысынан жан-жақты талданып, ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Біріншіден, тақырып өзекті, XX ғасыр басындағы қазақ журналдарының шығу тарихы туралы көкейкесті мәселелерді қозғайды, журнал шығарудағы алғашқы тәжірибелердің табиғатын ашады, қоғамдық маңызына көңіл аударады, жеке қаламгерлер мен шығарушы редакторлардың ұйымдастырушылық-баспағерлік қырларына баға береді;

Екіншіден, жұмыстыңғылыми аппараты дұрыс, тараулары мен бөлімдері логикалық жағынан түсінікті құрылған, өзара сабақтасып, жетіліп, толықтырылып отырады;

Үшіншіден, ғылыми зерттеу әдістері нақты көрсетілген, салыстыру, ғылыми талдау, жинақтау, сипаттау сияқты элементтерді орынды қолданады;

Төртіншіден, ізденушібір ғасыр бұрын басылған қазақ журналдарын бүгінгі қолданыстағы әріпке түсіріп, журналдың бағыт-бағдары мен онда басылған

материалдарды толық екшейді, талдайды. Бүркеншік есімдер мен авторлар нақтыланады;

Бесіншіден, қазақ журналдарындағыерекшеліктерге ғылыми тұрғыдан мән беріп, әрқайсысының өзіндік құндылықтарына баға береді;

Алтыншыдан, ұлттық ерекшелігіміз ескеріліп,өткен тарихымыздыңдеректері жете зерттелуі, тұжырымдары мемлекеттік бағдарламалармен үндеседі;

Жетіншіден, ұлттық идеялардың арақатынасына тоқталып, осы бағытта зерттеу жүргізген көрнекті ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тұщымды тұжырымдар жасаған. Өз көзқарасын айқындайды. Диссертант бұрын зерттеліп, ғылыми айналымға түскен журналдарды қарастырмайды. Оны нақты дәйектермен атап өтеді.

4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі

Ізденушінің тұжырымдары тиянақты негізделген және шынайылық дәрежесі жоғары деп бағалаймын. XX ғасыр басындағы қазақ журналдарын заманалық көзқараспен зерттеп, зерделеу, талдау, бүгінгі күнмен сабақтасытығын айқындау жұмыстың ерекшелігі мен аса құндылығын көрсетеді. Түпнұсқаның негізінде журналдардың шығу тарихын нақтылау, атқарған қызметіне баға беру, оның кәсібилену траекторияларына бөлінуін анықтап, жарияланымдар мен авторларға талдау жасау, бүркеншік есімдерді нақтылау секілді зерттеу тәсілдері диссертациялық жұмыстың ішкі ғылыми үйлесімін, ерекшелігін, шынайылығын айғақтайды. Архивтік құжаттарды орынды пайдаланып, ғылыми айналымға қосыла қоймаған дәлелдер мен дәйектер негізінде өзіндік қорытындылар жасайды.

5. Академиялық адалдық принципі

Ізденуші А.Б. Ақынбекова зерттеу жұмысын жазу барысында академиялық адалдық принципін толықтай ұстанған. Диссертацияда жалпы саны 152 дереккөз пайдаланылған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Жұмысты жазу барысында Алтын Ақынбекова асқан ұқыптылықпен әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді дәйексөздеріне үнемі сілтеме беріп отырады. Сонымен қатар, академиялық адалдық принциніне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтарына жол бермейді.

6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы

Зерттеу тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие, қазақ журналдарының тарихи кезеңдерге орай атқарған қызметтері мен идеялық мазмұндық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талданады. Теориялық және практикалық мәселелерді нақты сабақтастықта жүйелеген.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ журналдарының шығу тарихы, атқарған қызметі мен олардың салалық журналдарға бөлінуі теориялық тұрғыдан қарастырылып талданған. Ғылыми жұмыстың нәтижелері мен пайымдаулары қазақ баспасөзінің тарихы туралы зерттеулердің ғылыми-теориялық негіздері мен ұстанымдарын нақтылауға және оның көтерген

мәселелерін саралауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жүргізілген мәтіндік, текстологиялық талдаулар түпнұсқаның негізін құрайды. Зерттеу жұмысының материалдарын «Қазақ журналистикасының тарихы», «Алаш баспасөзі» бойынша оқу құралдарын, теориялық курстарды құрастыруда, сонымен қоса студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы

Диссертацияның апробациядан өтуі талапқа сай. Ғылыми ізденіс барысында диссертант отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларға қатысып, баяндамалар жасаған. Жалпы 12 ғылыми мақала жариялаған. Оның ішінде Скопус (Scopus), Томсон Рейтер базасына енетін нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымдарында - 2 мақала, шетелдік халықаралық конференция жинақтарында - 2 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинағында - 4 мақала, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы журналистика басылымдарында 4 мақала жариялаған. Зерттеу тақырыбына байланысты 6 қосымша оқу құралы басылып шыққан. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өткен және қорғауға ұсынылған.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер

Диссертацияның кейбір жерлерінде тыныс белгілік және әріптік қателер кездеседі. Бұл ескертпелер зерттеушінің болашақтағы жұмыстарын жетілдіре түсуіне септігі тисін деген ниетпен айтылын отыр. Сондай-ақ А. Ақынбекова журналистік мектентен өткендіктен диссертациялық жұмысына көркем-публицистика элементтерін найдаланған. Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне, ғылыми-танымдық маңыздылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі

«XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» атты диссертацияның тақырыбы өзекті. Жұмыс қазақ баснасөзі тарихы теориясының дамуына үлес қоса алатын, ғылыми аппараты дұрыс, толық аяқталған зерттеу. Осы аталғандардың негізінде жұмыстың авторы Ақынбекова Алтын Бакашовна «6D050400- Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
М. О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
директорының кеңесшісі,
филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА академигі **Уәлихан Қалижанов**

қолын растаймын к/б. аға инспекторы
«__» ____ 20__ж. Подпись